

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 15 мамырдағы N 126-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 15 мамырдағы
N 126 - ө өкімімен

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалу- ына жауап- ты мемле- кеттік орган	Орындалу мерзімі
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	І І М (жинақтау), ЭБЖМ, Еңбекмині, СІМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2007 жылғы мамыр
2.				

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1185 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	І І М (жинақтау), ЭБЖМ, Еңбекмині, СІМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2007 жылғы мамыр
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині (жинақтау), ІІМ, БҒМ	2007 жылғы желтоқсан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ІІМ - Ішкі істер министрлігі
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
СІМ - Сыртқы істер министрлігі
БҒМ - Білім және ғылым министрлігі
ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті